

**"Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша субсидия алуға өтінімді ұсыну мерзімдерін айқындау туралы" Байзақ ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 30 қыркүйектегі №462 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

Жамбыл облысы Байзақ аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № 597 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 20 желтоқсанда № 3254 болып тіркелді

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, Байзақ ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша субсидия алуға өтінімді ұсыну мерзімдерін айқындау туралы" Байзақ ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 30 қыркүйектегі № 462 қаулысына (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2016 жылғы 17 қазандағы № 3178 болып тіркелген, "Ауыл жаңалығы - Сельская новь" газетінің 2016 жылғы 18 қазандағы № 100 (8486) нөмірінде жарияланған) келесі толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасымен толықтырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Дулат Әбенұлы Сұлтанбековке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және оның ресми жарияланған күнінен қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*М. Шукеев*

Байзақ ауданы әкімдігінің  
2016 жылғы 12 желтоқсандағы  
№597 қаулысына қосымша

**Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша субсидия алуға өтінімді ұсыну мерзімдері**

№	Басым ауыл шаруашылығы дақылдары	Өтінімді ұсыну мерзімдерінің басталуы	Өтінімді ұсыну мерзімдерінің аяқталуы
16.	Күздік бидай	15.12.2016 жыл	20.12.2016 жыл
17.	Жаздық арпа	15.12.2016 жыл	20.12.2016 жыл
18.	Ашық топырақтағы көкөніс	15.12.2016 жыл	20.12.2016 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК